

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Журналистика факультетінде «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған
Данаева Нұрлыайым Тұрсынбайқызының «Этнокөсемсөз: дәстүр және
жанағышылдық (1991-2016 ж.ж.)» атты диссертациясына ғылыми жетекші –
филология ғылымдарының кандидаты, доцент Сағатбек Медеубектің**

ШІКІРІ

Қазақстан – тағдыр ағынымен өз ата жұртынан көшіп келіп қоныстанған әртүрлі ұлттар мен ұлыстар өкілдерінің екінші Отанына айналған және халықаралық кеңістікте өзін зайырлы ел ретінде мойындатқан мемлекет. Өзге ұлттар мен ұлыстар өкілдерінің тіліне, дініне, мәдениетіне қарамастан, еркін өмір сүруіне, өзгелермен қарым-қатынас орнатуына, өздерінің ұлттық салт-дәстүрін сақтауына, құндылықтарын бағалауына барынша мүмкіндік жасай отырып, әр халықтың өз тіліндегі газет-журналдарының болғанына, соған сәйкес журналистикасының да қалыптасуына үнемі қолдау көрсетіп келеді.

Ол басылымдар өз тарихында біраз табыстарға жеткен әрі өзіндік бет-бейнесі, мазмұндық-пішіндік һәм жанрлық тұрақталған болмысымен ұлттық журналистиканың дамуы мен қалыптасуында өзіндік орны бар заңды тұлғалар ретінде тарихта аты жазылған. Бұл басылымдардың тарихын ғана емес ондағы жарияланымдардың мазмұндық-пішіндік болмысы, жанрлық табиғаты, безендік ерекшелігі, ұйымдастыру-басқару тәсілдері замана сұранысына қарай арнайы зерттеуді, саралауды, сараптауды қажет етеді. Әсіресе, ол басылымдардағы ұлттар мен ұлыстардың салт-сана, әдет-ғұрпы, дәстүрлерінің насихаталуы да көңіл аударуға тұрарлық. Сол арқылы этностың өзге ұлттық мемлекет құрамында өмір сүрі, өзін өзі сақтау қабілетін ғылыми негізде тану да қызғылықты. Бұл саланы этнокөсемсөз бағыты тұрғысынан зертеу – бұрын қолға алынбаған ғылыми бағыт. Өйткені, этнокөсемсөз ұлттық журналистикада өзіндік орны бар, журналистика ғылымына әкелетін жаңалығы бар өзекті тақырып деп білеміз.

Зерттеу жұмысында диссертант этнокөсемсөз бастаулары мен тарихына, оның қазіргі жай-күйіне тоқталады. Әсіресе, көпэтносты Қазақстан үшін этнокөсемсөздің берері мол екендігін көрсетеді. Этнокөсемсөз – қоғамдық санаға қозғау салу өнерінің бір саласы дей келе, оның қоғамда болып жатқан күнделікті оқиғалар туралы ақпараттармен қамтамасыз етуде маңызды саяси мәселелерге үн қоса отырып, ұлттар мен ұлыстарды тұтастыққа, бірлікке, ынтымаққа үндейтін үлкен күш ретінде қарастырады.

Этнокөсемсөзді журналистикада белгілі ақпараттық, талдамалы және көркем-заимансөздік жанрларға сүйене отырып жіктейді.

Зерттеу барысында ұлттық басылымдармен қатар Қазақстандағы этнос өкілдерінің өз тілдеріндегі басылымдардың ақпараттық жанр компоненттеріне басымдық бергенімен, талдамалы жанрлардың көп пайдаланыла бермейтіндігін байқап, оның себептеріне талдау жасап, қорытынды шығарады. Қорытындыда Қазақстандағы этникалық баспасөз ақпараттық нарық талаптарына сай келетін деңгейге әлі жете қоймағандығын; этностық газеттер материалдарды құруда, оны аудиторияға жеткізуде әлі де бұрынғы кеңестік дәстүрлерден толық арылып болмағандығын; тілшілердің журналистиканың бай ресурстарын, әсіресе, талдамалы ресурстарды жеткілікті пайдалана алмай келетіндігін;

аудитория талаптары мен қажеттіліктерін жақсы білмеушіліктің салдарынан оқырмандардың газетке деген қызығушылығын азайтып алғандығына назар аударады.

Сонымен қатар диссертант өз зерттеуінде Қазақстанда өмір сүріп жатқан ұлттар мен ұлыстардың тыныс тіршілігін, тарихы мен тағдырын, салты мен дәстүрін, мәдениетін танытатын басылымдар арнайы зерттеуді қажет ететіндігін; әр ұлт диаспорасы шығарып жатқан газеттер мен журналдардың отандық журналистикаға қосып жатқан үлесін; Қазақстанда жарық көріп жатқан этностық басылымдардың ұлтаралық татулыққа, ұлттар мен ұлыстардың бірін бірі тануына, түсінуіне, құрметтеуіне жол ашатын мүмкіндігінің молдығын; қазақ тілінде жарық көріп жатқан барлық басылымдар тіліміздің, тарихымыздың, дәстүріміздің ұрпақ санасында үнемі жаңғырып отыруына орасан ықпал етіп келетіндігін; барлық басылымдарда жарық көрген ұлт туралы – оның тарихы мен тағдыры, бүгінгі мен болашағы, салты мен дәстүрі, әдеті мен әдебі, кәсіптері мен ғұрыптары, өнері мен мәдениеті туралы жарияланымдардың жиынтығын «Этнокөсемсөз» деп атауды ғылыми сұраныс деп танитындығын және этнокөсемсөз деп ұлт туралы, оның тілі, тарихы, тағдыры, дәстүрі, салттары мен ғұрыптары, өнері мен мәдениеті, кәсібі мен шарушылығы туралы жазбаша жарық көрген жарияланымдардың жанрлық және мазмұндық-пішіндік жиынтығы екендігін ғылыми негізде тұжырымдайды.

Бұл диссертациялық еңбектің зерттеу нысаны мен мақсаты, міндеттері, тақырыптың өзектілігі мен практикалық мәні айқын көрсетілген.

Диссертант зерттеу әдісі ретінде жұмыста тарихи жүйелеу, жинақтау, тұжырым жасау, құрылымды-функционалды, кешенді және салыстырмалы талдау жасау әдістерін жүйелі түрде пайдаланған.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін жоғарғы оқу орындарындағы журналистика, PR, этнокөсемсөз бойынша оқылатын семинарлар мен дәрістерде, сондай-ақ «этножурналистика» пәнін оқығанда пайдалануға болады.

Ғылыми жұмыс – тың пікірлермен, дәлелді тұжырымдармен құнды. Жұмыс диссертацияның талабына толық жауап береді. Елімізде және шетелдерде (Канада, Австрия, Румыния, Варшава) жариялаған Scopus базасындағы мақалалары диссертацияның мазмұнын қамти алады.

Данаева Нұрлыайым Тұрсынбайқызының «Этнокөсемсөз: дәстүр және жаңашылдық (1991-2016 ж.ж.)» атты ғылыми диссертациясы «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Отандық ғылыми жетекші:
филология ғылымдарының кандидаты,
доцент



С. Медеубек